

**Мұнайлы ауданы
№7 жалпы білім беру орта
мектебінің химия пәні мұғалімі:
Алимбаева Алмагүл Хабдушқызы**



САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ:

**САБАҚТЫ
ҚОРЫТЫНДЫЛАУ,
ЖҮЙЕЛЕУ**



Мақсаты:

1. Оқушылардың химиялық ұғымдар тарауы бойынша алған білімдерін жүйелеу және қорытындылау
2. Оқушылардың оқулықтың көмегінсіз жеке, топпен жұмыс жасай білу қабілетін арттыру
3. Өздігінен талпынып, жауапкершілікпен сезінетін саналы, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу, пәнге қызығушылығын артыру



Типі: қорытынды сабақ

Түрі: аралас

Әдіс – тәсілдер: СТО технологиясы,
топпен жұмыс, жұппен жұмыс, талдау,
жинақтау

Құрал – жабдықтар, көрнекіліктер: қима
– қағаздар, жұлдызшалар, фломастерлер,
стикерлер

Барысы:

I. Қызығушылығын ояту

Оқушылардың назарын сабаққа аудару

Мұғалім:

«2030 – дың біздер барысымыз,
Жетістікке бастайды әр ісіміз.
Өркениетті елімізді көркейтетін,
Химияны оқу біздің парызымыз!»

Топ ережелері

1. жылдамдық
2. белсенділік
3. ұйымшылдық
4. уақытпен санасу
5. тыныштық
6. толық қатысым



Ой толғаныс



Графикалық тест

«иә» + «жоқ» -

1. Бастапқы алынған заттардың құрамы өзгеріп, жаңа заттар түзілу – химиялық реакцияға жатады.
2. Магнийдің оттегімен қосылысы жай затқа жатады.
3. Химиялық элемент ұғымын ең алғаш рет ғылымға Р.Бойль енгізді.
4. Химиялық таңба берілген элементті және оның бір атомын бейнелейді
5. Судың молекулалық массасы 20 ға тең
6. Химиялық әрекеттесуге кіріскен заттардың массасы одан түзілетін заттардың массасынан 2 есе кем болады.
7. Авогадро шамасы тұрақты.
8. Екі немесе бірнеше заттардың бірігіп, бір күрделі затқа айналуы орынбасу реакциясы деп аталады.



КІЛТІ: +-++--+-

Критерийлері: 1 – 5 сұрақ аралығы - *

6 – 7 сұрақ аралығы - **

8 - ***



II тапсырма

Жағдаяттың шешімін тап

Әкең темір трубаларды кесіп, керегіне жаратты.

Жерден үгінділерді жинап алды да қарады.

Үгінділер топырақпен араласып жатыр. Жинап алып тазартуым керек деп алып қойды.

Тапсырма.

1. Сен әкеңе көмектесіп үгінділерді тазартып бер

Сұрақ





1. Осы мәтінде қай жерде **ДЕНЕ** кездесті?

2. **ҚОСПА** қай сөзде кездесті?

3. Қоспа қандай?

III тапсырма

Топпен жұмыс /есептер шығарудан жарыс /
1) Коэффициенттерін қойып, реакция типтерін көрсетіндер.



2) 2 моль оттегі берілген. Оттегінің массасын, молекула санын есептеңдер.

3) Берілген қосылыстардың формуласы бойынша бірінші тұрған элементтің валенттігін анықтаңдар:

II валентті күкірттің қосылыстары: Al_2S_3 CS_2
 K_2S MgS H_2S

4) Ас содасының құрамы
27,38% Na, 1,19%H, 14,29%С және
57,14% оттектен тұрады.

Осы заттың молекулалық формуласын
табыңдар.

Рефлексия

2 жұлдыз бір тілек



Бағалау

эмоция арқылы баға беру